

## 2022-2023 оқу жылындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға атқарылған жұмыстардың жылдық есебі

Қаңтар айында «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 7-9 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріліп, оның адам ағзасына тікелей әсері туралы түсініктемелер берілді. Сонымен бірге жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға, үнемі жақсылыққа ұмтылуға кеңестер ұсынылды.

Ақпан айында балалардың құқықтарын қорғау комитеті балалардың және олардың ата-аналарының баланың негізгі құқықтары туралы құқықтық мәдениет деңгейін көтеру және ақпараттандыру мақсатында 4-9 сынып оқушыларынан «Конвенциямен балалық шақ әлемі» атты сауалнама жүргізіліп, қорытындысы жасалды. Осы сауалнама қорытындысынан кейін «Оқушының құқықтары мен міндеттері», «Құқық әлемі» тақырыптарында мектеп жасындағы балаларға өз құқықтары мен міндеттері туралы толық ақпарат берілді.

Наурыз айында «Бақытты балалық шақ» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг ата - ананың балаға деген сүйіспеншілігін кеңейтіп, жағымды атмосфера қалыптастыру, қолдау көрсету мақсатында жүргізілді. Тренинг ойын-жаттығу түрінде өткізілді. Соңынан ата-аналарға ұсыныстар таратылып, алған әсерлерімен бөлісті.

Сәуір айында «Зорлықсыз балалық шақ» тақырыбында жоғары сынып оқушыларынан сауалнама алынып, қорытынды жасалды.

«Оқушылардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында сауалнама алынып, 4-9 сынып оқушыларына құқық жайында толық мәлімет беріліп және өз құқықтарымен таныстырылды, сонымен қоса сенім телефондарымен таныстырылып, қажет жағдайда көмек қолын созатыны жайында мектеп оқушыларына түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

№28 мектепте оқушылардың құқықтарын қорғау және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша әртүрлі шаралар жүргізіліп келеді. Оқушыларға жазғы демалыс алдында оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріліп, оның адам ағзасына тікелей әсері туралы түсініктемелер берілді. Сонымен бірге жаман әдеттерден бойын аулақ ұстауға, үнемі

жақсылыққа ұмтылуға кеңестер ұсынылды. Оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып, қажетті мағлұматтар берілді.

Балалардың құқықтарын қорғау комитеті балалардың және олардың ата-аналарының баланың негізгі құқықтары туралы құқықтық мәдениет деңгейін көтеру мақсатында ақпарат жүргізіліп келеді.

Қазан айында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы педагогтың атқаратын қызметі» тақырыбында мектеп ұстаздарымен мектепішілік семинар өткізілді. Семинарда жылда елімізде балалардың зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жататынын, зорлық-зомбылық түрлерімен және осы тақырып бойынша мәліметтер жүргізілді. Семинар барысында ұстаздар өз ойларымен бөлісіп, бөлінген топтар бойынша тақырып төңірегінде қойылған сұрақтар бойынша пікірлерін ұсынды.

«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқанын ұйымдастыру және өткізу бойынша №28 негізгі мектепте іс-шаралар жоспары құрылып, 2022жылғы 12 – 23 қараша аралығында жасөспірімдер, ата-аналарға және педагогикалық қызметкерлерге «мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тренинг (7-9 сынып оқушылары), «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» (ата-аналарға семинар тренинг), «Балдай тәтті балалық шақ» (ата-аналар мен ұстаздар кездесу ) семинар тренинг өткізілді.

«Бақытты отбасы», «Зорлық-зомбылыққа төтеп берейік» тақырыбында мектеп кітапханашысының ұйымдастырумен фотоконкурс ұйымдастырылды.

«Әлемді зорлық-зомбылықсыз құру жолдары» атты 8-9 сынып оқушылары арасында эссе байқауы ұйымдастырылды.

Мектеп директоры



А. Муздыбаев